

ОӘЖ 433

ШАРУАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖАППАЙ ҚОНЫС АУДАРУ ҮДЕРІСІ

(XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)

Жаксибаева Дина Бердиевна

*2-курс магистранты, Тарих факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Сайлан Болат Санабайұлы, т.ғ.д., профессор

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қоныс аудару саясаты негізінде Қазақстанға қоныс аударылған өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқының саны мен ұлттық құрамына тигізген әсері ашып көрсетілген.

Кілт сөздер: қоныс аудару, шаруалар, реформа, этнодемография, ұлт.

Егер XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанға көбінесе Ресейден әскери топ пен казактар ғана қоныс аударып келсе, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жағдай түбегейлі өзгерді. Ресей шаруаларын қазақ даласына бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде жаппай қоныс аудару ісі мемлекеттік тұрғыда қолға алынды. Мұның төмендегідей бірқатар себептері бар:

Біріншіден, 1861 жылы Ресейде шаруаларды басыбайлы езгіде ұстау жойылып, нәтижесінде шаруалар басыбайлы тәуелділіктен құтылды. Бірақ олар жаппай жерсіз қалды немесе ұлтарақтай шағын жерге ғана ие болды. Мұның өзі жиі-жиі шаруалардың толқуын туғыза бастады. Патша үкіметі шаруалар бүліншілігінің өрши түсуін болдырмау үшін оларды Қазақстан мен Сібір аумағына жаппай қоныс аударту шараларын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады.

Екіншіден, Ресей империясы қоныс аударушы шаруалар есебінен қазақ өлкесінің аумағында өзінің сенімді тірегін қалыптастыруды мақсат етті.

Үшіншіден, патша үкіметі орыс шаруаларын жаппай қоныс аудару арқылы қазақтарды егіншілікпен айналысатын отырықшы өмір салтына көшіруді жоспарлады. Өйткені ондай жағдайда қыруар көп жер босап қалып, жергілікті халықты қатаң бақылауда ұстаудың тамаша мүмкіндігі туар еді.

Төртіншіден, Патша үкіметінің жергілікті халықты христиан дініне енгізу және орыстандыру жөнінде арам пиғылы да болатын.

Бесіншіден, қоныс аударушы шаруалар Қазақстанды орыс империясының сарқылмас мол астығы бар алып қоймасына айналдыруы тиіс деп үміттенді. Өлкені казактар арқылы отарлау экономикалық тұрғыдан ойдағыдай онды нәтиже бермеді. Әскери қызметте жүрген казактар өлкедегі әскери гарнизондар мен шенеуніктер тобын азық-түлікпен жартымды қамтамасыз ете алған жоқ.

Оның үстіне Ресейдің жерсіз шаруаларын жаңа жерде емін-еркін тамаша өмір сүруге болады екен деген хабарлар мен хаттар ол жақта қалғандарды еліктіре елендетті. Мұның өзі орыс шаруаларын одан сайын жаппай қоныс аударуға қызықтыра түсті.

Қазақстан тарихында қоныс аудару қозғалысының кезеңдері туралы бір жақты пікір жоқ. Дегенмен шаруалардың жаппай ағынын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады: бірінші кезең 1861—1885 жылдар аралығы, екінші кезең 1886—1905 жылдар аралығы, ал үшінші кезең 1906—1917 жылдар аралығын қамтыды.

XIX ғасырдың 60-90-жылдарында жүргізілген әкімшілік реформалар қазақтардың жерін түгелдей мемлекеттің меншігі деп жариялады. 1867-1868 жылдардағы реформалар Қазақстанды шаруалар арқылы кең көлемде отарлап алуға берік негіз қалады деп айта аламыз. Орыс шаруаларын ішкі Ресейден қоныс аудару көп жағдайда қазақтарды ежелгі атамекенінен, қонысынан жаппай қуу және ең құнарлы жерлерін күштеп тартып алу арқылы жүзеге асырылды.

1870-1914 жылдар аралығында Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Торғай және Орал облыстарының аумағына 1,4 миллионға жуық шаруа қоныстандырылды. Олардың тең жартысына жуығы (721 мың адам) Ақмола облысына жайғастырылды. Өйткені бұл облыстың жері өте құнарлы болды, сонымен қатар қоныс аударып келген шаруалар өз алдарына жеке болыстарға біріктірілді. Алғашқы кезде олар уезд бастығына бағындырылса, 1902 жылдан бастап шаруалар бастығы деген лауазымды қызмет пайда болды.

Оңтүстік Қазақстанды әскери отаршылдық жолмен өзіне қосып алған Ресей өзінің саясатын алыстағыны көздейтін саяси мүдделерін басшылыққа ала отырып жүргізе бастады. Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталғаннан кейін көші-қон ағымдарының отаршыл сипаты айқындала түсті. Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы этнодемографиялық құрамының өзгеруіне қоныс аудару қозғалысы зор ықпал етті. Патша өкіметінің көші-қон саясатының әлеуметтік-саяси салдары өте ауыр болды.

Жолда күтіп тұрған қиындықтарға да қарамастан кедей крестьяндар жаппай Сібірге және басқа да шет аймақтарға аттанды. Шаруалар алдымен Ақмолаға, одан кейін Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарына қоныс аудара бастады. Қазақ даласына қоныс аудару қозғалысы 70-жылдардан бастап, яғни Сібір теміржол комитеті құрылғанға дейін жылдан жылға күшейе түсті.

Шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуы халықтың саны мен құрылымында елеулі өзгерістерге әкелді. Крестьяндар, казактар және қалалардың орыс халқы 1914 жылға қарай жалпы халықтың 35% құрады. Дүнгендер, ұйғырлар және басқа ұлттардың саны 244,6 мың адамға жетті.

1884-1891 жылдар аралығында Орал өңіріне шаруалардың жаппай қоныс аудару процесі жүрді. Осы кезеңде еліміздің орталық губернияларынан 2299 отбасы, оның 703-і Темір уезіне, 237-сі Үйіл бекінісіне, 158-і Шыңғырлауға, Қобды өзен жағалауларына – 120, Жамбыл болысына – 140, Челкарға – 25, ал басқа уездерде – 916 отбасы қоныс тепті.

Әсіресе, көшіп-қонушылардың ерекше легі Жетісу облысына аттанды. 12 жыл ішінде (1868-1880 жылдар аралығында) мұнда 3324 отбасы көшіп келіп, оның ішінде 2099 отбасы ауыл-аймақтарына қоныс аударса, 1225 отбасы қалаға қоныстанды. 1883 жылы Жетісу облысы Дала генерал-губернаторлығының құрамына енген кезде өлкедегі шаруалар саны 15 мың жанды құрап, 29 шаруа ауылы пайда болды.

Жетісу облысындағы 1868-1880 жылдар аралығындағы жаңа ауылдардың саны былайша бөлінді: 1868 жылы – 5 ауыл, 1869 жылы – 3 ауыл, 1870 жылы – 1 ауыл, 1879 жылы – 1 ауыл. 1891-1892 жылдары Жетісу облысына тағы 1769 шаруа отбасы қоныс аударып, оның ішінде 410 отбасы Лепсі ауданына, 314-і Верненск ауданына, 98-і Копал ауданына, 913-і Пішпек ауданына және 34 отбасы Пржевальск уезіне көшіп келді.

Шаруа отарлауы Сыр өңірін, негізінен Шымкент, Ташкент, Әулие-Ата уездерін де қамтыды.

Сібір теміржол комитеті құрылғаннан кейін қоныс аудару қозғалысының жаңа кезеңі басталды. Патша үкіметі шаруалар бұқарасын революциядан алшақтату үшін шаруаларды Сібірге және басқа да шет аймақтарға көшуге шақырды. Сонымен қатар, жергілікті билікке шаруалар арасында қоныс аударуға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу жөнінде тиісті нұсқаулар берілді.

Патша үкіметінің мұндай шаралары өз нәтижесін берді. Елдің орталық губернияларының шаруа кедейлері өз жерлерін сатып немесе қауымға өткізіп, Сібір мен қазақ даласына ағылды. 1893-1896 жылдар аралығында Ақтөбе уезінде қоныс аударғандар саны 2500 адамға, ал Қостанай уезінің жалдамалы елді мекендерінде 9173 адамға немесе 1890 жылмен салыстырғанда 1418 адамға көп қоныстанды. 1894 жылға қарай 1868 жылмен салыстырғанда Ақмола облысында орыс халқының саны 75 мың адамға дейін өссе, ал Торғай облысында қоныс аударған шаруалар саны 16 мың адамға жетті, оның ішінде 8807 адам Әулие-Ата уезіне қоныстанды.

Айта кету керек, 1896 жылға қарай Ақмола және Семей облыстарының сегіз уезінде (Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Омбы, Павлодар, Қарқаралы және Өскемен) 43 болыс қоныстанған шаруалардың саны 150 мыңдай адам болған. Олардың пайдалануында 1,4 миллион десятина жер бөлініп берілді.

Ф.Щербина басқарған экспедиция жұмыс істеген Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 округінен қоныс аудару орындарына орасан зор жер учаскелері бөлінді.

Қорытындылай келе айтқанда, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында жүргізілген қоныс аудару саясаты нәтижесінде орыс шаруалары мен басқа ұлттардың саны көбейіп, этнодемографиялық өзгерістер байқалғанын көрсеттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В., Козыбаев М.К., Романов Ю.И. Этнос Казахстана. – Астана: Елорда, 2001. - 168 с.
2. Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане: Изд. Академии наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1963. – 410 с.
3. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан: Изд. Академии наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1950. – 102 с.
4. Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. – Алматы, 2008. – 232 с.
5. Масевич М.Г. Материалы по истории политического строя Казахстана Том 1: Изд. Академии наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1960. – 440 с.

ПРОЦЕСС МАССОВОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ КРЕСТЬЯН В КАЗАХСТАН (Вторая половина XIX-начало XX вв.)

Жаксибаева Дина Бердиевна

В статье раскрывается влияние на численность и национальный состав казахского населения представителей других национальностей, переселившихся в Казахстан на основе миграционной политики второй половины XIX - начала XX веков.

Ключевые слова: переселение, крестьяне, реформа, этнодемография, нация.

**THE PROCESS OF MASS RESETTLEMENT OF PEASANTS TO
KAZAKHSTAN
(Second half of XIX - beginning of XX centuries)**

Zhaksibayeva D.B.

The article reveals the influence on the number and national composition of the Kazakh population of representatives of other nationalities who moved to Kazakhstan on the basis of migration policy of the second half of XIX - early XX centuries.

Keywords: resettlement, peasants, reform, ethno-demography, nation.

REFERENCES

1. Alekseenko A.N., Alekseenko N.V., Kozybaev M.K., Romanov Y.I. Ethnoses of Kazakhstan. - Astana: Elorda, 2001. - 168 p. [in Russian]
2. Suleimenov B.S. Agrarian Question in Kazakhstan: Publ. the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. - Alma-Ata, 1963. – 410 p. [in Russian]
3. Tursunbaev A.B. From the History of Peasant Resettlement in Kazakhstan: Publ. of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. - Alma-Ata, 1950. - 102 p. [in Russian]
4. Mendikulova G.M., Atantaeva B.Zh. History of migrations between Kazakhstan and China in 1860-1960 years - Almaty, 2008. - 232 p. [in Russian]
5. Masevich M.G. Materials on the history of the political system of Kazakhstan Volume 1: Publ. of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. - Alma-Ata, 1960. - 440 p. [in Russian]